Индивидуальный предприниматель
«Citizen» Джанаизова К.О.

Шымкент қаласы. Қазыбек би к. 94
Тел /факс: 8(701) 7367104, e-mail: azim_db@mail.ru

Шығ. № 7 от «31» қаңтар 2018 ж.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШЛІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ПРОКУРАТУРАСЫ

«Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатысының Төралқа Төрағасы, Құлыбаев Т.А.

Мен жеке кәсіпкер **ИП Citizen - Джанпаизова Кенишкуль Орынтаевна** "Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 6506 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесінің (әрі қарай –Тапсырыс беруші) ашық конкурс хабарландыру № 2154844-1 30.01.2018 хаттама шешімімен келіспеймін.

Себебі, ҚР Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 27 бабы 3 және 5 тармақтарының талаптары бұзылып, жеке кәсіпкер ИП *Citizen - Джанпаизова Кенишкуль Орынтаевна* конкурстық өтінімі, 30.01.2018 ж. ашық конкурс хаттамасы бойынша қабылданбаған. Тапсырыс берушінің себептері: <u>құқық белгілеуші құжаттар тіркелмеген, әлеуметті өнім берушінің біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттамалар көрсетілмей, техникалық ерекшелігі конкурстық құжаттама талабына сай келмейді</u> деп қайтарылған.

"Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 6506 әскери бөлімі" мемлекеттік мекемесінің талабы бойынша сатып алынатын тауарлардың сипаттамасы және талап етілетін <u>функцияналдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипатталары бар, оның ішінде тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларына, патенттеріне, пайдалы модельдеріне, өнеркәсіптік үлгілеріне, тауардың шыққан жерінің атауын және өндірішінің атауын және осы ҚҚ-ға 4 және 7-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша өзге де сипаттамаларын көрсете отырып, техникалық ерекшелікті қамтиды. Қажет болған кезде техникалық ерекшелікте нормативтік-техникалық құжаттама көрсетіледі</u>.

Жеке кәсіпкер ИП Citizen - Джанпаизова Кенишкуль Орынтаевна бұл **<u>талаптардың барлығын орындап, құқық белгілеуші құжаттар тіркелген, техникалық сипаттамасы дұрыс толтырған, № *2154844-1* ашық конкурстын құжаттамасына (қосымша 4 және қосымша 7-де сипатталған) тіркей отырып</u> негізсіз қайтарылған.** Мен өзімнің техникалық сипаттамамды басқа өнім берушіге қарағанда толығырақ, барлық қолданылатын жабдықтар және құрылғыларды техникалық сипаттамада: бақылау-өткізу пунктім бар, құқық белгілеуші құжаттарды тіркедім, Заң бойынша мұраға құқық туралы куәлік №1887 03.07.2015ж.; Жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін Акт кадастр № 19-309-025-468; техникалық төлқұжат және қызмет көрсету техникалық, сапалық, функционалдық, қолдану сипатамасына сайкес келеди деп жазып корсеттим. Барлық құжаттарда **киімдерді жуу,** химиялық тазалау және қабылдау-өткізу пункті деп жазылған, алайда Тапсырыс беруші кір жуу жазылмады деп және тіркелген құжаттарды тіркелмеген деп қайтарған. Бұл Мемлекеттік сатып алу Заңын бұзушылық деп есептеймін. Тапсырыс беруші өткен жылғы конкурстада екінші өнім беруші "Dala-Group" ЖШС-не бір көзден берген. Енді осы жылыда тек қана "Dala-Group" ЖШС конкурстан рұқсат (допуск) берді. Сол себепті **№ 2154844-1** ашық конкурсын тексеруіңізді өтінемін.

Басшысы Джанпаизова К. О. _____